

Аудандық әкімдіктің 2009 жылғы 26 мамырдағы № 84 "Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралары туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Бейнеу ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 14 ақпандағы № 27 Қаулысы. Бейнеу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 ақпанда № 11-3-113 тіркелді. Күші жойылды - Бейнеу аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 84 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Бейнеу аудандық әкімдігінің 2012.06.14 № 84 Қаулысымен.

1. Аудандық әкімдіктің 2009 жылғы 26 мамырдағы № 84 «Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралары туралы» (мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 11-3-77, «Рауан» газетінің 2009 жылғы 4 маусымындағы № 23 санында ресми жарияланған, аудандық әкімдіктің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 11-3-97, «Рауан» газетінің 2010 жылғы 18 ақпанындағы № 7 санында ресми жарияланған 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 18 «Аудандық әкімдіктің 2009 жылғы 26 мамырдағы № 84 «Халықты жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралары туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысымен өзгерістер енгізілген) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

5 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. «Жастар іс - тәжірибесін» қаржыландыру 002 «Еңбекпен қамту» бағдарламасы және 022 «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау» бағдарламасы есебінен жүргізіледі. Уәкілетті орган «Жастар іс - тәжірибесіне» қатысушыларға нақты жұмыс атқарған уақыты үшін 26000 (жиырма алты мың) теңге көлемінде жалақысын ай сайын олардың есеп шотына аударды»;

қаулының қосымшасымен бекітілген Ауданда халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерді іріктеу т ә р т і б і н д е :

11 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Әлеуметтік жұмыс орындарымен қамтылған адамдардың еңбегіне ақы төлеу 002 «Еңбекпен қамту» бағдарламасы және 022 «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау» бағдарламасы есебінен қаржыландырылады».

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

міндетін атқарушы *А у д а н ә к і м і н і ң*
Қ.Әбілшеев

А . Ұ л ұ қ б а н о в
Ү . Ә м і р х а н о в а
Қ . Б ө л т е к о в
М . К ө б е г е н
Қ . Ж а р а с б а е в а

дайынд.:Б.Өмірбеков